


# \* МАЛАЙЗИЯ – ИСЛАМ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ



# \* Малайзияның қаржылық және банктік жүйесінің даму кезеңдері





- \* **Малайзия Негара Банкі** – Малайзияның Орталық банкі. 1959 жылдың 26 қаңтарында құрылған болатын. Өзінің құрылғанынан бастап, Орталық банктің мақсаттары мен атқаратын қызметтерінде бірнеше өзгерістер болды. Оған қарамастан, Орталық банк ақша нарығында реттеуші орган ретінде қызметтерін атқарады, мемлекеттік бағалы қағаздарды басқаруға жауапты болады және үкіметтің қаржылық кеңесшісі мен банкирі ретінде шығады.
- \* **Малайзияның бағалы қағаздар бойынша Комиссиясы** 1993 жылдың 1 наурызында құрылған. Оның негізгі мақсаты бағалы қағаздар нарығы мен фьючерлік нарықтың тұрақтылығын, тиімділігін, әділеттілігін қолдау мен алға жылжыту, сонымен қатар капитал нарығының инновациялық және бәсекелестігін дамыту.





- \* **Малайзия исламдық банктік институттардың ассоциациясы (AIBIM)** 1995 жылдың 12 шілдесінде құрылған. Оның негізгі мақсаты Малайзияда ислам банктері мен тәжірибесін құруды нығайту мен ынталандыру болып табылады. Малайзия Орталық банкі мен мемлекеттің басқа да реттеуші органдарымен бірлесе отырып қызметтерін жүзеге асырады.
- \* **Малайзиялық ислам банкингі мен қаржы институты БиАйЭмБи Инститьют оф Ресерч энд Трейнинг Сендириан Берхад (BIMB Institute of Research and Training Sdn Bhd)** Ислам Малейжа Берхад Банкінің еншілес банкі болып келеді және де оның негізгі мақсаты ислам банк саласында адами капиталды дамытуды ынталандыру және ислам банктік жүйе көзқарасын түсіндіру болып саналады. Бұл институт 1995 жылдың 13 сәуірінде тіркелген.


## \* Малайзияның исламдық экономикасы мен қаржысы

- \* Малайзияға басқа да мұсылмандық мемлекеттер сияқты 1970 жылы болған зияткерлер арасындағы исламдық қайта жаңғыру қозғалысы әсер етті. Жеке тұлғалар, адамдар тобы немесе ұйымдар Малайзия Үкіметіне мұсылмандардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында исламдық банктерді құру туралы үндеу жасады.



# Ислам банк жүйесінің даму кезеңдері





\* 1980 жылы Бумипутрада болған Экономикалық Конгресте мұсылмандардың ақшалай қаражаттарын жинау мен қаржыландыру мақсатында исламдық банкті құру туралы қарар қабылданды. 1981 жылы Исламда даму тұжырымдамасы туралы Ұлттық семинарда қатысушылар қызметтері исламдық принциптерге негізделетін банктер мен қаржылық институттарды құруға мүмкіндік беретін арнайы заңды қабылдау туралы өтініш айтты.

\* Осы талаптарға сәйкес 1981 жылдың 30 шілдесінде Үкімет исламдық банкинг бойынша Ұлттық Басқарушы Комитетті құру туралы шешім қабылдады. Комитетті Тан Сри Ража Мохар бин Ража Бадиозаман басқарды. Комитет өзінің баяндамасын жасаған кезде Египет пен Судандағы Файсал Ислам банкінің қызметін зерттеген болатын. Бұл баяндама 1982 жылдың 5 шілдесінде үкіметке көрсетілді.

# Баяндамада келесідей ұсыныстар берілді:

Қызметтері Шариат принциптеріне сай келетін исламдық банкты ұйымдастыру қажет

1973 жылы қабылданған “Банктік қызмет туралы заң” исламдық банктердің қызметіне қолданылмағандықтан, 1982 жылы “Ислам банктік қызметі туралы” қабылданған заңға сәйкес исламдық банктерге лицензия беру және оларды қадағалау туралы сұрақтар енгізілген болатын. Жаңа заңға сәйкес Малайзияның Орталық банкі бақылау мен реттеу құқығына ие

Исламдық банктер өздерінің Шариаттық Бақылау Кеңестерін құру керек, олардың мақсаттары Шариат заңдарына сәйкес исламдық банктердің қызметтерін жүргізу болып табылады.


1965 жылдың “Компаниялар туралы заңы” Исламдық банктің қамқоршысы ретінде банктерді тіркеуі керек



1983 жылдың сәуір айында “Ислам банк қызметтері туралы заңы” өз күшіне енді. Осы кезде үкімет Шариат принциптеріне негізделген мемлекеттік инвестициялық сертификаттар туралы сұрақтарды шешу мақсатында “Инвестициялар туралы заңды” қабылдайды.

Малайзияда жұмыс істей бастаған бірінші исламдық банк Малайзия Ислам банкі (Bank Islam Malaysia Berhad) 1983 жылы құрылды. BIMB ұқсас өнімдер мен қызметтерді ұсынады, тек ондағы айырмашылық – олар Шариат принциптеріне негізделген.


Ислам банктік жүйесін дәстүрлі банктік жүйемен қатарластыра құру Малайзия Орталық банкінің ұзақ мерзімді мақсаты болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегі үш негізгі компоненттерді қолдану керек.





Осы қойылған мақсаттарға сәйкес барлық саны 21 исламдық банктік өнімдер 1993 жылдың басында енгізілді, ал 1994 жылдың 4 наурызында Малайзия Орталық банкі “Пайызсыз банктік бағдарлама” атты жобаны шығарды.

Бұл жобаға сәйкес қаржылық институттар исламдық банктік өнімдер мен қызметтерді ұсына алды. Осы жоба бойынша тәжірибелік кезеңде Малайзияда үш ірі коммерциялық банктер құрылып, одан кейін он қаржылық институттар осы жобаға қосылған болатын.



\* 1993 жылдың соңында Малайзияда исламдық принциптерге негізделген қызметтер мен өнімдерді жүзеге асыратын 1 исламдық банк, 20 дәстүрлі қаржылық институттар, 8 қаржылық компаниялар және 2 саудалық банк болған. Одан басқа, 1994 жылдың 3 қаңтарында исламдық банкаралық нарық пайда болған, ол үш құрамнан тұрды:

1  
ислам  
қаржылық  
құралдармен  
банкаралық  
сату

2  
ислам  
банкаралық  
инвестиция-  
лары

3  
ислам  
банкаралық  
чектік  
клирингтік  
жүйе

# \* Малайзия нарығындағы негізгі исламдық қаржылық құралдар

Мемлекеттік  
инвестициялық  
бағалы қағаздар

Малайзия  
Орталық банкі  
тапсыратын  
соло-вексель

Қысқа мерзімді  
саудалық  
вексель

Бай битаман аджил  
мен мурабаха  
принциптеріне  
негізделген  
облигациялар

Мудароба  
банкаралық  
инвестициялар

Исламдық  
айналым  
депозиттік  
құралы

Купонсыз  
облигациялар

Иджара  
принципіне  
негізделген  
облигациялар

“Кагамас”  
мудароба  
принципіне  
негізделген  
облигациялар




\* Малайзияда ислам банктік жүйесін нығайту мақсатында Малайзия Орталық банкі 1997 жылы исламдық банкинг пен Такафул бойынша Ұлттық Шариаттық Кеңес Қауымын (National Shariah Advisory Council on Islamic Banking and Takaful) құрады. NSAC ондаған мүшелерден тұрды, оның ішінде бір шетел адамы болды.



تکافل  
Takaful



- \* Исламдық банк жүйесі мен такафулды ары қарай дамыту мақсатында Малайзия үкіметі 2001 жылы “2001-2010 жылдарға қаржылық сектор дамуының бас жоспарын” енгізді, онда мыналарға көп көңіл бөлінген:
- \* 1. Банктік және сақтандыру секторлары нарықтың 20%-ын қамтуы керек және Малайзияның қаржы секторына айтарлықтай үлес қосуы керек.
- \* 2. Ұсынылған ислам банктік ұйымдар мен такафулдың күшті және жоғары капиталданған операторлар ислам қаржы өнімдері мен қызметтерінің үлкен шоғырын ұсынады.
- \* 3. Бұл сала Шариат нормаларымен және нормативтік-құқықтық базамен реттеледі.
- \* 4. Ислам банктік және такафул жүйемен байланысты құқықтық сұрақтарды қарастыратын арнайы ұйымның (шариаттық төрелік соты) соттық жүйеде қолдауы.
- \* 5. Сала жақсы дайындалған, жоғары білімді мамандар мен басқарушылардың жеткілікті көлеміне сүйенеді.
- \* 6. Малайзияны жергілікті ислам қаржы орталығы деп тану

- 
- \* Малайзия исламдық қаржысында 2006 жылы тамыз айында тағы да өзгерістер болады. Бұл кезде Малайзиялық Халықаралық Исламдық Қаржылық Орталық (MIFC) пайда болады.
  - \* MIFC Малайзия ОБ, Малайзияның бағалы қағаздар бойынша Комиссиясы, ЛАБУАН оффшор қаржылық қызметі Басқармасы және Малайзия Бурса-ның (Малайзияның бағалы қағаздар нарығы) бірлескен жобасы болып табылады. Орталық өзіне Малайзияның банктік, сақтандыру секторларының және капитал нарығының салалық қатысушыларын қосады.
  - \* MIFC-тің негізгі мақсаты Малайзияны негізгі халықаралық исламдық қаржы орталығы ретінде ілгері жылжыту.

**\*Назар салып  
тыңдағандарыңызға  
рахмет!**